

**1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушы Кеңес Одағының Батырлары мен Даңқ орденінің толық иегерлеріне қосымша жеңілдіктер туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ 1993 жылғы 5 мамыр N 1194 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.31. N 2394 жарлығымен.

Кеңес Одағының Батырлары мен Даңқ орденінің толық иегерлерінің Қазақстан Республикасының мемлекеті мен халқы алдындағы айрықша еңбегін атап көрсете келіп және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында гитлершіл Германияны тізе бүктірген Жеңістің 48 жылдығы құрметіне ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Ұлы Отан соғысына қатысқан Кеңес Одағының Батырлары мен Даңқ орденінің толық иегерлері тұрып жатқан пайдалы алаңының көлеміне қарамастан , пәтер ақы төлеуден, коммуналдық қызмет көрсетілгені, телефонды пайдаланғаны (қалааралық сөйлесуден басқа) үшін және тұрғын үй қорының түріне қарамастан, тұрғын жайды күзету жөнінде көрсетілген қызмет үшін төлемнен босатылсын, шығыны жергілікті бюджеттің есебінен қайтарылатын болсын. <\*>

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті аталған адамдарға:  
- республикалық бюджеттің қаражаты есебінен әрқайсысына 100 мың сом мөлшерінде біржолғы ақшалай жәрдемақы төлеуді қамтамасыз етсін;  
- дәрігер рецепті бойынша тұрған жерінің дәріханаларынан

жергілікті бюджет есебінен дәріні тегін алуға құқық берсін;  
<\*>

Ескерту. 1-ші және 2-ші тармағының күші 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін тоқтатылған - ҚР Президентінің 12.04.1994 ж. N 1652 Жарлығына сәйкес.

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Ұлы Отан соғысына қатысқан Кеңес Одағының Батырлары мен Даңқ ордені иегерлерінің есімдерін қалалардың және басқа да елді мекендердің көшелері мен алаңдарына беруді практикаға айналдырсын және олар тұратын үйлерге бәсіре тақталар орнатсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы. 1993 жылғы 5 мамыр  
N 1194

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК